**БЖБ 1**

**1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар**

**1-бөлім "Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика" 1-НҰСҚА**

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты:** | 7.3.3.1 -Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу.<br><br>7.4.1.1 -Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Бағалау критерийі:** | *Білім алушы*<br><br>• Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазады.<br>• Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады. . |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі:** | жоғары деңгей дағдылары |
| **Орындау уақыты:** | 15-20 минут |

***Тапсырма.*** *Төмендегі диаграммада берілген графиктік ақпаратты сөзбен сипаттап жазыңыз. Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазыңыз.*




**1-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар**
**1-бөлім "Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика"**
**2-НҰСҚА**

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты:** | 7.3.3.1 -Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазу.<br><br>7.4.1.1 -Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Бағалау критерийі:** | *Білім алушы*<br>• Мәтін құрылымын (кіріспе бөлім, жалпы мәлімет беру, детальді мәлімет беру) сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазады.<br>• Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады. . |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі:** | жоғары деңгей дағдылары |

**Орындау уақыты:** 15-20 минут

***Тапсырма.*** *Төмендегі диаграммада берілген графиктік ақпаратты сөзбен сипаттап жазыңыз. Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазыңыз.*




**Балл қою кестесі**

| Бағалау критерийі | № тапсырма | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Мәтін құрылымын сақтай отырып, графиктік мәтін (шартты белгі, сурет, сызба) түрінде берілген процесті сипаттап жазады.<br><br>Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады. | 1<br><br>2 | Мәтін құрылымын сақтайды:<br>кіріспе бөлім - жалпы<br>мәлімет береді -<br>детальді мәлімет береді -<br>графиктік ақпаратты сөзбен сипаттап жазады;<br>Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескереді -<br>үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады. | 2<br>2<br>1<br>1<br>2<br>2 |
| Барлығы | | | 10 |

**БЖБ 2**

**2-бөлім «Көшпенділер мәдениеті. Интонация. Логикалық екпін»**
**1-НҰСҚА**

**Оқу мақсаты:** 7.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.

7.3.1.1 -әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру.

**Бағалау критерийі:** *Білім алушы*

- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі;
- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады.

**Ойлау дағдыларының деңгейі:** жоғары деңгей дағдылары

**Орындау уақыты :** 15-20 минут

***1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, мәтінде не туралы айтылғанын 3 сөйлеммен жазыңыз. Ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты жазыңыз.***

**Тыңдалым мәтіні.**

Көшпелілер немесе көшпелі қоғам, көшпелі өркениет дегеніміз — негізгі кәсібі мал шаруашылығы болып, күнкөрісінің көзі мал өнімдерінен тұратын, белгілі бір қалыптасқан жүйемен көшіп-қонып тіршілік ететін адамдардың әлеуметтік-экономикалық, саяси қауымдастығы және өркениеті.

Көшпелілер туралы түсінік, алдымен отырықшы халықтар арасында қалыптасты. Б.з.д. V ғасырда өмір сүрген тарихшы Геродот көшпелі скиф тайпаларының тұрмысын мадақтап жазды. Көшпелілердің табиғат аясындағы өмірін басқа да антик тарихшылар, философтар, орта ғасырлар ойшылдары сипаттады. Оларға табиғаттың төл баласы сияқты көшпелілер өмірі таза, қулықсұмдықтан, отырықшы-қалалық өркениеттің жаман қасиеттерінен ада болып көрінді. Көшпелілер туралы нашар түсініктер де сол ерте заманда-ақ қалыптасты. Көне Қытайда «көшпелілер — жабайы, мәдениеттің қас жауы» деген түсінік қалыптасты. Еуропада да көшпелі ғұндарды «тағы жабайылардың тұқымы, өркениеттің жауы» деп есептеді.

XVIII—XIX ғасырлардағы Еуропа ғалымдары да көшпелілер туралы өз көзқарастарын білдіріп отырды. Мысалы, Монтескье көшпелілер қоғамын «әділетті, теңдікті қоғам» десе, Фергюсон, Адам Смит: «Көшпелілерде мүлік теңсіздігі, әлеуметтік теңсіздік ерте пайда болды», — деген.

Көшпелі қоғамды зерттеуде қоршаған орта (табиғат) және адамның белсенді іс-әрекет мәселесі жиі қозғалып отырды. Олардың пікірі бойынша, далалы, шөлейтті, шөлді, таулы аймақтарды жайлаған халықтарда табиғат жағдайына қарай мал шаруашылығы, көшпелілік қалыптасқан. Осындай халықтардың бірі қазақ халқы далалы, шөлейтті аймақты игерудің бірден-бір жолы мал шаруашылығы деп білген және осындай табиғи жағдайға икемделе өмір сүрудің тамаша үлгісін көрсеткен.

1сөйлем:___________________________________________________________________ 2-сөйлем:___________________________________________________________________

3сөйлем:___________________________________________________________________

| 2 факт | 2 көзқарас |
|---|---|

| | |
|---|---|
| | |

***2-тапсырма.*** *Тыңдалған мәтін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрыңыз.*

**2-бөлім «Көшпенділер мәдениеті. Интонация. Логикалық екпін»**
**2-НҰСҚА**

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаты:** | 7.1.3.1 - тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.<br><br>7.3.1.1 -әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру. |
| **Бағалау критерийі:** | *Білім алушы*<br><br>- тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі;<br><br>- әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі:** | жоғары деңгей дағдылары |
| **Орындау уақыты :** | 15-20 минут |

***1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңыз, мәтінде не туралы айтылғанын 3 сөйлеммен жазыңыз. Ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты жазыңыз.***

**Тыңдалым мәтіні.**

«Көшпелілік — көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтікэкономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Еуразия даласын мекендеген көшпелі халықтардың негізгі өндірістік құралына айналған мал шаруашылығы тамақ өнімдерін беріп қана қоймай, айырбас үшін де пайдаланылды.

«Ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын

мойындау болды. Көшпелілер уақыт пен кеңістікті игеруі, танып түсінуі нәтижесінде көшіп-қонып, табиғаттың колайлы белдеулерінде орналаса отырып, мәдениет пен климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Мысалы, Қазақстанда ерте заманнан бері маусымдық жайылымдар пайдаланылған. Жауын-шашыны молырақ Арқаның терiскейiндегi орманды-далалы алқапты, оңтүстік-шығыстағы таулы өңірді жұрт ең алдымен жайлау, ал шығыс және ортаңғы аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптаскан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдардың рулар арасында бөліске түскенімен, мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу — мұның бәрі көшпелілер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді. «Құрғақ даланы, — дейді ағылшын тарихшысы, социолог А. Дж. Тойнби (1889-1975), — тек бақташы ғана меңгере алады, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді калыптастырады.» Малшылық егіншіліктен көрі күрделілеу, өйткені диқан табиғат өнімдерін тікелей тұтынса, көшпелілерде мал табиғи өсімдіктерді өңдейтін механизм тәрізді.

1сөйлем:______________________________________________________________
__ ________

2сөйлем:______________________________________________________________
__ ________

3сөйлем:__________ ____________________________________________________
__ ________

| 2 факт | 2 көзқарас |
|---|---|
| | |

***2-тапсырма.*** *Тыңдалған мәтін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрыңыз.*

**Балл қою кестесі**

| **Бағалау критерийі** | **№ тапсырма** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі | 1 | • Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді<br>• Ұсынылған ақпарат бойынша фактіні ажыратады<br>• Ұсынылған ақпарат бойынша көзқарасты ажыратады | 2<br><br>2<br><br>1 |
| әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады. | 2 | • тыңдалған мәтін құрылымын ажыратады<br>• мәтіннің кіріспе бөліміне сәйкес жоспар құрады  мәтіннің негізгі бөліміне сәйкес жоспар құрады  мәтіннің қорытынды бөліміне сәйкес жоспар құрады | 2<br><br>1<br><br>1<br><br>1 |
| Барлығы | | | 10 |

**ТЖБ**

**Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары**

**Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика**
**Көшпенділер мәдениеті. Орфография**
**Денсаулық – зор байлық. Лексика Оқу**
**мақсаты:**

7.2.6.1- оқылым стратегияларын қолдану:комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу;

7.1.5.1- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; 7.4.1.1- жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;

## 1-НҰСҚА

**Тыңдалым мен айтылым Тапсырма**

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтіндегі көркем бейнелеуіш, эмоционалдыэкспрессивті сөздерді тұрақты тіркестерді жазып алыңыз.
2. Мәтіндегі көтерілген басты мәселеге өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дәлелдеңіз. Пікір білдіруде жазып алған көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді тұрақты тіркестерді қолданыңыз.

[10]

Мәтіндер

**1-мәтін**

Соңғы кезде сарапшылар жер бетіндегі климат өзгерісінің адам денсаулығына әсері күшейіп отырғанын жиі айтып жүр. Ғаламдық өзгерістердің салдары Қазақстанда да анық сезіле бастады. «Табиғаттың тосын сыйларына» қалай дайындалу қажет және қайткенде денсаулығымызды сақтап қаламыз? «Үкімет қоршаған ортадағы өзгерістерді ескере ме және осы бағытта қандай шаралар қолға алынып жатыр?» деген сауал әркімді толғандыруда.

Климат өзгерісінің Қазақстанға әсері қандай деген мәселеге нақты тоқталар болсақ, мәселен, соңғы он жылда орташа ауа температурасы жоғарылады. Ғалымдардың болжамынша, алдағы бірнеше он жылдықта температура жоғарылап отырады. Яғни, климаттағы өзгерістер алдағы уақытта да тоқтамайды. Сонымен қатар, соңғы жылдары толқынды немесе «аптап толқыны» деп аталатын күндер көбейіп кетті. Яғни, бірнеше күн бойы күн қатты ысиды. Жылдың жаз мезгілдерінде осындай ыстық күндердің көбейгенін биыл да анық байқалды.

Оған табиғаттағы экстремалды құбылыстарды қосыңыз. Бұл дегеніңіз сел мен көшкін тудыратын нөсер жауындар, су тасқыны. Аталған табиғат құбылыстарының бәрі адам денсаулығы мен өміріне айтарлықтай қауіп төндіреді, экономикалық шығынға батырады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, жылдың жылы маусымында күннің бір градусқа ысуы цереброваскулярлық аурулардың артуына түрткі болады. Бұл жерде ми аурулары туралы айтылып отыр. Медициналық тілмен айтсақ, мидағы қан айналысы бұзылып, церебралдық қан тамырлары патологиялық өзгерістерге ұшырайды. Ал мидағы қан айналысының бұзылуынан болатын аурулардан көз жұму көрсеткіші жүректің ишемиялық сырқатынан кейін екінші орында тұр.

**2-мәтін**

Денсаулық – адам өміріндегі баға жетпейтін ең бағалы дүние. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне байланысты. Дегенмен оған қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкен-жеген тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінетін болсақ, адам денсаулығының 40% экологияға, 40% өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18-20% ғана дәрігерлік-медициналық көмекке тәуелді екен. Денсаулық

сақтаудың алдын алуға болады. Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет. Әсіресе жасы ұлғайған адамдарға майлы тамақтарды көп жеуге болмайды. Оның орнына сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Ет, балық, ұн, сүт тағамдарының әрқайсысының орны бөлек. Сонымен қатар жеміс-жидектерді көбірек жеген жөн. Олардың құрамында адам денсаулығына қажетті дәрумендер өте көп. Шамадан тыс көп тамақтану да ағзамызға зиян. Ал, спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі — жүгіру. Күн сайын таңертең үйдің маңайында, саябақта жарты сағатгай жүгіруе болады. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеуге болады. Әр түрлі жаттығулар жасауға болады.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргенде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз.

## Оқылым
## 1-НҰСҚА

**Оқылым мәтінін оқыңыз да, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.** [10]

### Денсаулық - зор байлық

Адамзат өмірге келген соң өмірін қалай болса солай өткізбеуі тиіс. Яғни адам саналы да жарқын өмір сүруі қажет. Ол үшін ата-бабамыз айтып кеткендей:

Бірінші байлық – денсаулық,
Екінші байлық – ақ жаулық,
Үшінші байлық – он саулық, - демекші, денсаулық – баға жетпейтін жалғыз ғана асыл дүние. Ол жақсы болу үшін не уақытты, не күш-жігерді, не еңбекті, тіпті барлық дүниені аямай жұмсау керек.

Қазіргі таңда аурулардың түрі көбейіп барады. "Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды" деп данышпан Баласағұнидің айтқан сөзі рас сияқты. Өйткені, әрбір адам басында өзіне белгілі бір аурулары бар. Бірақ біз сол аурулардың шарықтауына жол бермей оған төтеп беруіміз қажет. Яғни "Ауруын жасырған өледі" (Ә.Науаий) деген сөзге қарсы адам өз бойындағы ауруы бойынша дәрігерлерден кеңес алып, білгендерден сұрап отыруы қажет. Біз денсаулығымызға немқұрайлы қарап, оған үлкен зиян келтіреміз. Әркім өзінің денсаулығының нашарлауына өзі кінәлі. Ауруды ағзаларға жолатпау адамдардың өз қолында.

Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние болғандықтан, әр адам баласы өз денсаулығына көңіл бөле қарау қажет, оны орынсыз ысырап етпеу керек, үнемі денсаулықтың қорын көбейтіп отыру керек . Сондықтан әр адам салауатты өмір салтын қалыптастыру керек. Салауатты өмір салтын ынталандыруда әрқайсысымыздың дене тәрбиесімен айналысуымыз, дұрыс тамақтануымыз, зиянды әрекеттерден аулақ болып, тазалық шараларын сақтауымыз қажет.

1. Мәтіннің негізгі идеясын 3-4 сөйлеммен жазбаша түсіндіріңіз.
2. Мәтіндегі денсаулық туралы нақыл сөздердің бірінің мағынасын ашып түсіндіріңіз.

3. Берілген сөздерді пайдаланып, екі сөйлем құрап жазыңыз. *Денсаулық, алайда, ауру, зиян келтіру, дене тәрбиесі* 4. Ойды 3-4 сөйлеммен аяқтаңыз.

*Біз денсаулығымызға немқұрайлы қарап, оған үлкен зиян келтіреміз, мысалы...*

**Жазылым**

**1-НҰСҚА**

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, шағын мақала жазыңыз. Жазба жұмысында жалғаулардың ерекшелігін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазуды ескеріңіз.

1) *Тараз қаласының тазалығы туралы мәселені көтеріп, "Таза қала бәрімізге керек" тақырыбында журналға мақала жазыңыз.*

2) *«Мен - көшпенді елдің ұрпағымын» тақырыбында газетке мақала жазыңыз.*

**«Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары**

**Ауа райы және климаттық өзгерістер. Фонетика**

**Көшпенділер мәдениеті. Орфография**

**Денсаулық – зор байлық. Лексика Оқу**

**мақсаты:**

7.2.6.1- оқылым стратегияларын қолдану:комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу;

7.1.5.1- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау;

7.4.1.1- жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;

**2-НҰСҚА**

**Тыңдалым мен айтылым**

**Тапсырма**

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтіндегі көркем бейнелеуіш, эмоционалдыэкспрессивті сөздерді тұрақты тіркестерді жазып алыңыз.

2. Мәтіндегі көтерілген басты мәселеге өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дәлелдеңіз. Пікір білдіруде жазып алған көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді тұрақты тіркестерді қолданыңыз.

[10]

Мәтіндер

1-мәтін

Атырау облысы, Жылыой ауданынан табылған Аралтөбе қорымына қолбасшылық пен абыздықты қатар атқарған сармат көсемі мен әйелі қатар жерленген. Олардың жанына екі ат қоса көмілген. Мәйіттің басын оңтүстікке қаратып шалқасынан жатқызған. Көсемнің жанына жүзден аса жебе салынған қорамсақ, темір қылыш пен қанжар, қыш құмыра қойылған. Бұдан басқа шыны моншақ, жебе, қанжар сынықтары кездеседі.

Қазақстан жерін мекендеген тайпалардың мәдениеті бір-біріне ұқсас. Олардың арасында марқұммен бірге аттарын көму салты кең тараған. Адамдар о дүниеде ат пен қару қожасына қажет болады деп ойлаған. Үлкен Берел қорғанында аттар өз иесін жорыққа апара жатқандай, толық әскери дайындықпен көмілген.

Қазақстан аумағындағы ежелгі тайпалар ата-баба аруағына, көк тәңіріне сиынған. Қабірге мәйтпен бірге оның мүліктерін көмген. Арнаулы рулық зираттар қыстаудың маңында орналасқан.

“Мұртты қорғанның” шығысқа бағытталуы бұл оба-ескерткіштерді салған тайпалардың күнге табынғандығын білдіреді. “Мұртты обалар” ерекше сыйлы, ең қасиетті, ақсүйек адамдардың басына салынған ескерткіштер болып саналады.

2-мәтін

Кеңпейіл қазақ халқының ата-бабасынан қан арқылы ұрпағына беріліп, бар ұлттың ерекше сый-құрметіне бөленіп келе жатқан ізгі дәстүрі, асыл қасиеті – қонақжайлылық. Оны кейбір дінтанушы адамдар әулие адамдардың алтыншы қасиетіне де балайды. «Құдайым, би қылмасаң да би түсетін үй қыл», — деп бабаларымыздың Жаратқан Иемізге жалбарынуы сірә, сол себепті де шығар. Және де халқымыздың қонақжайлылықты қатты қастерлегені соншалықты, ауылға келген бейтаныс қонақтар кез келген үйге түспей, дастарханы мол, пейілі кең, үйі таза, көргенді ұл-қызы бар үйлерге ғана қонақ болған. Оған үй иесі қатты қуанып, ақ батасын берген. Әйтеуір, қазақ халқының салт-дәстүрінде қонақ шақырмау, қонақты үйге түсірмеу – үлкен айып болып саналады. Қазақтарда мейманшылыққа байланысты салттар: қонақ кірген кезде киіз үйдің есігін –қожайын,ал қонақ шыққан кезде қонақтың өзі ашады.Сырттан үйге кіргенде ауызды малжаңдатып бірдемені шайнай кіру әбестік саналған,ал керісінше үйден дәм татып шығу дастарханды сыйлағандықтың белгісі болған. Қазақ өзі ашықса да,ең дәмдісін құдайы қонаққа сақтаған. Егер үй иесі мейманды жақсы қабылдамаса,мейманның билер сотына жүгінуге де құқығы болған. Әдет бойынша мейман өзі кеткенге дейін үй иесінің толық қорғауында болған.Бұл құқық мейман ошақ иесінің жауы болған жағдайда да қолданылды.Үй иесі мейман өз үйінде болған кезде одан кек қайтара алмады.

3-мәтін

Денсаулық – адам өміріндегі баға жетпейтін ең бағалы дүние. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне байланысты. Дегенмен оған қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкен-жеген тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінетін болсақ, адам денсаулығының 40% экологияға, 40% өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18-20% ғана дәрігерлік-медициналық көмекке тәуелді екен. Денсаулық сақтаудың алдын алуға болады. Ол үшін дұрыс тамақтануға, уақытында демалуға, дене қимылымен айналысуға көп көңіл бөлу қажет. Әсіресе жасы ұлғайған адамдарға майлы тамақтарды көп жеуге болмайды. Оның орнына сүт, көкөніс тамақтарын пайдаланған дұрыс. Денсаулық сақтауда дұрыс тамақтанудың маңызы зор. Ет, балық, ұн, сүт тағамдарының әрқайсысының орны бөлек. Сонымен қатар жеміс-жидектерді көбірек жеген жөн. Олардың құрамында адам денсаулығына қажетті дәрумендер өте көп. Шамадан тыс көп тамақтану да ағзамызға зиян. Ал, спортпен айналысу — денсаулықты жақсартады. Спорттың ең қарапайым түрі — жүгіру. Күн сайын таңертең үйдің маңайында, саябақта жарты сағатгай жүгіруе болады. Егер жүгіруге дәрігер рұқсат етпесе, таңғы таза ауада серуендеуге болады. Әр түрлі жаттығулар жасауға болады.

Денсаулық — табиғаттың ең қымбат сыйы. Күнделікті жұмыста жүргенде, деніміз сау болғанда, денсаулықтың қадірін біле бермейміз.

**Оқылым**
**2-НҰСҚА**

**Оқылым мәтінін оқыңыз да, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.** [10]

"Адам мен табиғаттың тілдескені - өмірдің үндескені", - демекші, халқымыз табиғат тылсымын ерте заманнан-ақ түсініп, оны өзінің тұрмыс-тіршілігіне арқау етіп, қолдана білген. Солардың бірі – халықтың ауа райын болжау тәсілдері. Қысыжазы далалық өмірде тіршілік еткен халқымыз өздері тұрған өлкенің табиғи ерекшелігі мен құпиясын терең білгендігі сондай - айсыз түнде жұлдызға қарап жол тауып, көз аштырмас боранда жердің шөбіне қарап ел тауып, құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа тіршілігіне зер салып, ауа райын күні бұрын болжап, ерте қам жасап отырған.

"Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ",- деген халқымыз ертеден-ақ ауа-райын бақылаудың қарапайым әдіс, тәсілдерін білген. Ауа-райын болжай алатын бұл халық қағидалары қой мінезін жетік меңгерген, қойдың ауа-райы өзгерісін сезу қасиеттерін терең аныктай алған қазақтың өмірлік тәжірибесінен, таным-түсінігінен туындап отыр. Қойдың мінез-құлқы мен

әрекетіне қарап, ауа-райын болжау қағидаларының көптеп кездесетініне қарағанда, өзге түліктерден бұрын қой қазақ жерінің климатын тез сезетін, қазақтың жері мен табиғатына әбден бейімделген түлік екенін байқатады. Қой жүні қобырап, дымқыл тартып тұрса, кешікпей жауын-шашын болады. Қой пысқырынса, бұлттанып ілешала жауын-шашын келеді. Қозы-лақ секеңдеп ойнақшыса, жауын жауады. Егер қойлар сілкініп, сүйкенсе, маңырап, шуылдаса, жауын басылып, күннің көзі шығады.

Жылқы – бір жылдық, қой – жарты жылдық, сиыр 2-3 күндік өзгеріс, құбылыстарды болжай алады. Жыл басы саналған, күн мен түннің теңелген күні, яғни 22-Наурыз Ұлыстың ұлы күніндегі бақылаулар мен болжамдар дәл келіп отырған.

1. Мәтіннің негізгі идеясын 3-4 сөйлеммен жазбаша түсіндіріңіз.
2. Мәтіндегі табиғат туралы нақыл сөздердің бірінің мағынасын ашып түсіндіріңіз.
3. Берілген сөздерді пайдаланып, екі сөйлем құрап жазыңыз. *Жұрт, климат, аймақ ,бес саусағындай білген*
4. Ойды 3-4 сөйлеммен аяқтаңыз.

*Халқымыз ертеден-ақ ауа-райын бақылаудың қарапайым әдіс-тәсілдерін білген, мысалы...*

**Жазылым**
**2-НҰСҚА**

Төменде берілген тақырыптардың бірін таңдап, шағын мақала жазыңыз. Жазба жұмысында жалғаулардың ерекшелігін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазуды ескеріңіз.

1) *" Жыраулар - көшпенді елдің данышпандары" тақырыбында журналға мақала жазыңыз.*

2) *«Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!» тақырыбында газетке мақала жазыңыз.*

**БЖБ 1**

**«Көне күндерден жеткен жәдігерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар I нұсқа**

| | |
|---|---|
| Оқылатын шығарма | «Қыз Жібек» жыры, «Күлтегін» жыры |
| Оқу мақсаты | 7.1.3.1 Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау.<br>7.2.4.1Шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу. |
| Бағалау критерийі | ***Білім алушы***<br>- Кейіпкерлердің типтерін жасалу.<br>- тәсілдеріне қарай анықтайды.<br>- Оқиға желісін дамытып жазады.<br>- Өзіндік көзқарасын білдіреді. |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Жоғары деңгей дағдылары. |
| Орындау уақыты | 15-20 минут |

1-тапсырма.Кейіпкерлерге тән қасиеттерді анықтап, кестені толтырыңыз. Ойыңызды шығармадан мысалдар келтіру арқылы дәлелдеңіз.

| Жібек | | |
|---|---|---|
| сұлулық | махаббат | пәктік |
| | | |
| Төлеген | | |
| тұрақтылық | адалдық | жақсылық |
| | | |
| Бекежан | | |
| қиянат | жауыздық | жамандық |
| | | |

2-тапсырма.«Күлтегін» жырында тәуелсіздік жолындағы Күлтегіннің ерлік іс-әрекеттерін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жаз.

_____________________________________________________________

___________________________________________________________

__

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдеріне қарай анықтайды. | 1 | кейіпкерлер бейнесін ажыратады; | 2 |
| | | жасалу тәсіліне қарай анықтайды; | 1 |
| | | ойын мысал келтіру арқылы дәлелдейді; | 1 |
| | | типтік образдарды анықтайды. | 1 |
| Өзіндік көзқарасын білдіріп, оқиға желісін дамытып жазады. | 2 | кейіпкерлер бейнесін талдау жасайды; | 2 |
| | | жырдан дәлелдер келтіреді; | 2 |
| | | өз көзқарасын танытады. | 1 |
| **Барлығы** | | | **10** |

**БЖБ 2**

**«Көне күндерден жеткен жәдігерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар I нұсқа**

Оқылатын шығарма

Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»,

Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» толғаулары.

Оқу мақсаты

7.2.3.1 Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау.

7.3.4.1 Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.

Бағалау критерийі

***Білім алушы***

- Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды.
- Көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін талдайды.
- Шығарманың эстетикалық құндылығын анықтайды.
- Сыни шолу жазады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары.

Орындау уақыты

15-20 минут

## 1-тапсырма.Кестені толтырып, көркемдегіш құралдардың қолданысын талдаңыз.

| **Мысалдар** | **Көркемдегіш құралдардың түрлерін анықтаңыз** | **Қолданылу ерекшелігін түсіндіріңіз, талдаңыз** |
|---|---|---|
| Таудағы тарлан бөрі едім,<br><br>Тарылған сынды тынысым. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Еділді алса – елді алар,<br><br>Енді алмаған не қалар? Жайықты<br><br>алса – жанды алар Жанды алған<br><br>соң не қалар?<br><br>Ойылды  алса – ойды алар,<br>Ойланшы сонда не қалар? | | |
| Еділ, Жайық арасы<br><br>Кешілік қоныс болғай ма?!<br><br>Ебей басты құба үлек<br><br>Ернімен шырпы шалғай ма?!<br><br>Бұл қоныста отырып, Біздің<br><br>мұсылман баласы<br><br>Жағасы босап тынғай ма?! | | |
| Толғамалы жақ тартқан,<br><br>Толассыз тұрып оқ атқан,<br><br>Тоғыз оқ торғауытты бөгеген,<br><br>Тобылғыдан су татқан… | | |
| Ақ отаудың тіреу сырығы,<br><br>Айдаса – қойдың көсемі,<br><br>Сөйлесе – сөздің шешені. | | |

2-тапсырма. Жиембет жыраудың «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырының эстетикалық құндылығы туралы сыни шолу жазады.

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

_____________________________________________________________________________

____________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_______________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

_________________________________________________________________

______________________________________________________________

| **Бағалау критерийі** | **Тапсырма** | **Дескриптор** | **Балл** |
|---|---|---|---|
| | | ***Білім алушы*** | |
| Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды және ерекшелігін талдайды. | 1 | Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды; | 2 |
| | | көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін талдайды; | 2 |
| | | әдеби-теориялық тұрғыдан түсіндіре отырып талдайды. | 1 |
| Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы сыни шолу жазады. | 2 | Шығармадан эстетикалық құндылықты анықтайды; | 2 |
| | | сыни шолу жазады; | 2 |
| | | сыни шолудың талаптарын анықтайды. | 1 |
| Барлығы | | | 10 |

**«Көне күндерден жеткен жәдігерлер» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар II нұсқа**

| | |
|---|---|
| Оқылатын шығарма | Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім», Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» толғаулары. |
| Оқу мақсаты | 7.2.3.1 Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау.<br>7.3.4.1 Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу. |
| Бағалау критерийі | ***Білім алушы***<br>- Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтайды.<br>- Көркемдегіш құралдардың қолданылу ерекшелігін талдайды.<br>- Шығарманың эстетикалық құндылығын анықтайды.<br>- Сыни шолу жазады. |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Жоғары деңгей дағдылары. |
| Орындау уақыты | 15-20 минут |

1-тапсырма. Кестені толтырып, көркемдегіш құралдардың қолданысын

талдаңыз.

| Мысалдар | Көркемдегіш құралдардың түрлерін анықтаңыз | Қолданылу ерекшелігін түсіндіріңіз, талдаңыз |
|---|---|---|
| Еңсегей бойлы Ер Есім, | | |
| Есім, сені есірткен<br><br>Есіл де менің кеңесім.<br><br>Ес білгеннен, Есім хан, Қолыңа<br><br>болдым сүйесін,<br><br>Қолтығыңа болдым демесін. | | |
| Тал шарбаққа мал сақтап,<br><br>Тас қалаға жан сақтап,<br><br>Тасқан екен мына хан! | | |
| Мен жоқ болсам, Есім хан,<br>Ит түрткіні көресің.<br>Жиембет қайда дегенде, Не<br>деп жауап бересің?.. | | |
| Мен, өлсе, құнсыз кетер деме сен<br><br>Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген<br>Тілеуберді құлыңдай! Тілеуберді<br>құлың мен емес, Мұның, ханым,<br>жөн емес. | | |

| | | |
|---|---|---|
| Тал шарбаққа мал сақтап,<br><br>Тас қалаға жан сақтап,<br><br>Тасқан екен мына хан!<br>Қайрылып қайыр қылуға<br>Қылығың жоқ ұнаған. Қайратым<br>қанша қайтса да, Мұнына,<br>ханым, шыдаман! | | |

**2-тапсырма.**Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» жырының эстетикалық құндылығы туралы сыни шолу жазады.

______________________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________________
_
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
______________________________________________________________________________
